

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

6 мамыр
сейсенбі

№33 (2146)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Отанды қорғау – елдегі әр азаматтың міндеті. Бұл Ата Заңымызда анық жазылған. Бұрын ата-ана «құлым әскерге аттанады» деп қуанатын. Соңғы жылдары олардың түн ұйқысы төрт бөлінді. Бірі әскердегі ұлының бас амандығын ойлайтын болса, екіншісі «құлым әскерге жарамсыз болып шықса екен» деп тілеуін тілейді. Негізгі себебі, ата-ана баласын әскерге жібергісі келмейді. Дегенмен жігіттер қалай болғанда да Отан алдындағы борышын өтеп, ел басына күн туғанда елін, жерін қорғауға міндетті. Әскер деген өмір мектебінен әрбір жігіт өтуі тиіс. Осы тақырыпты кеңінен талқылау мақсатында Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, подполковник Жасұлан Шанқұловпен сұхбаттастық.



ӘСКЕР – ӨМІР МЕКТЕБІ

– Әңгімемізді көктемгі және күзгі әскерге шақыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстардан бастасaq...

– «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңына және «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және азаматтарды 2025 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» ел Президентінің 2025 жылғы 13 ақпандағы №782 Жарлығы мен Қызылорда облысы әкімінің 2025 жылғы 26 ақпандағы №46 қаулысына сәйкес 2025 жылғы көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Быыл 1 наурыз бен 30 маусым аралығында 18-27 жас аралығындағы 900-ге жуық Сыр елінің азаматтары 2025 жылдың көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру барысында еліміздің Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрамдарда әскери қызметтерін өтейді. Оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне – 120-ға жуық;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарына – 430-ға жуық;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан қызметіне – 280-ге жуық;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне – 15-ке жуық;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне – 20-ға жуық азамат әскери борышын өтеуге жолданады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне, ҚР Қарулы күштері қатарына және ҚР Мемлекеттік күзет қызметіне 365-ке жуық азаматтардың әскери борышын өтеуге аттанды.

2-БЕТТЕ

АБЫРОЙ – ОРТАҚ, ҚЫЗМЕТ – БІР



Кіреберістен бастап, тап-тұйнақтай тіршілік. «Қыздың жиған жүгіндей» болып тұр екен. Табан астында көлденең жатқан ағашты көрмейсіз. Ал саптағы сарбаздарға пәрмен беріп тұрған командирдің дауысы қақпаның сыртына дейін естіледі. Күйсанды шымырлатып, намысынды жанып жіберердей. Біркелкі басылған аяқ дыбысының өзі жинақылықтан хабар береді. Әскери бөлім қызметкері Жаксылық Берікұлы жай ғана күлімсіреп «біздегі күнделікті өмір осындай», – деп жол бастады. Соңынан іле біз де кіріп барамыз. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай өңірдегі Ұлттық Ұлан гвардиясының 5547 әскери бөлімге барып, жұмыс барысымен танысып қайтқан едік.

Әскери бөлімге кіре сала жайқалған саялы ағаштың арасына тап болдық. Мұнда жолдың екі бетінде әскери азаматтардың суреті қойылды. Мұның не себепті қойылғанын сұрағанда әскери бөлімнің клуб бастығы, лейтенант Жаксылық Берікұлы сауалға іркілмеді.

– Міне, мына басынан бастайық. 1995 жылы ел үшін кеудені окка тосқан батырларымыз, Ішкі әскердің жауынгерлері тәжік-ауған шекарасында ерлік көрсетті. Қаруланған лаңкестермен кескілескен шайқаста 17 сарбаз қаза болды. Ал 34 жауынгер әр түрлі жарақат алды. Мына басынан бастасaq, сол ерлікпен қаза тапқан 17 жауынгердің суреті, жақынырақ танысамыз десеніз, қасында мәліметтері бар. Ерлікке тағзым

етіп, әрбір әскери қызмет өтеушінің жадында тұрса деп жасаған бастама. Бұл жерді «Батырлар аллеясы» дейміз. Ғимаратқа кірген әрбір қонақ өзінің тәртізді екі жағына қарап, танысып өтеді. Кешегі қаңтар оқиғасы кезінде қаза болған екі сарбаз – Айбат Аманов пен Мадияр Қайсаровтың суреті мұнда тұр. «Алтыншы пост» деген киноны көрген боларсыз. Сол фильмдегі оқиғаның басты кейіпкерлерінің бірі – Ербол Отарбаев. Ол кісі 2010 жылы Ақтаудағы түрмеден қашу оқиғасында соңына дейін атысып, қашқындарға тосқауыл болған. Бүгінде ол кісі – майор. Сол оқиға кезінде сарбаз еді. Тағы бір айта кететін батырымыз – Қайрат Үмбетов. Ол осы күні Ұлттық Ұлан гвардиясының

бас қолбасшысының орынбасары болып қызмет етеді. Қазір – генерал, «Халық қаһарманы» алтын жұлдызының иегері. Ол Қарағандыда қызмет етіп жүргенде оқу-жаттығу алаңында сарбаздардың лақтырған гранаты оқопқа түсіп кетеді. Сол гранатадан құтқару үшін сарбазды денесімен жауып қалған. Одан бері қанша уақыт емделіп, қатарға қосылды. Міне, осындай азаматтардың мәліметімен «Батырлар аллеясын» жасадық. Жаңадан түскен сарбаздарға да таныстырып, осы жағдайларды баяндаймыз. Ұлтжандылығын, сарбаздардың бір-біріне бауырмалдығын оятамыз, – дейді лейтенант.

2-БЕТТЕ

ТӘРБИЕ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ҮНДЕСКЕН ОРТА



Цифрлы әлем бала тәрбиесіне де әсер етпей қоймайды. Облыс орталығында орналасқан «Сыр шуағы» ІТ бөбекжай-бақшасы – заман көшіне ілесіп қана қоймай, инновациялық бағыттарды тәжірибеге сәтті енгізіп отырған ұйым. Бұл балабақшада жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар – ойын ретінде емес, нақты білім беру құралына айналған. Осы орайда балабақшаның жұмысымен жақынырақ

танысып, ұжым өкілдерімен тілдесуді жөн көрдік.

– Қызылорда қалалық білім бөліміне қарасты «Сыр шуағы» бөбекжай-бақшасы 2016 жылы ашылды. Барлық оқу-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Әрбір топта балалардың жас ерекшелігі, қызығушылығы мен жеке қабілеті ескеріле отырып, арнайы орталықтар құрылып, қажетті дидактикалық материалдармен

және көрнекіліктермен толықтай жабдықталған. Ең алдымен ата-аналар арасында сауалнама жүргізіліп, олардың пікірлері негізінде білім беру бағыты айқындалды. Нәтижесінде ата-аналар компьютерлік сауаттылықты басты қажеттілік ретінде атаған. Сұранысқа жыл сайын балабақшаның үнемделген қаражаты есебінен материалдық база кезек-кезеңімен ІТ бағытында жаңартылып келеді. Мұның

нақты нәтижесі ретінде 2021 жылы Қызылорда облысы білім басқармасының бұйрығымен «Сыр шуағы» бөбекжай-бақшасы ресми түрде «ІТ-балабақша» пилоттық жобасы аясында жұмысын бастады, – дейді ІТ бөбекжай-бақшасы меңгерушісі Майра Кунхожаева.

Жоба жетістігі назардан тыс қалмады. 2023 жылдың 1 шілдесінде Оқу-ағарту министрлігінің «Сыр шуағы» бөбекжай-бақшасы республика бойынша 79 күзгіреттілік орталығының қатарына енді. Осылайша, балабақша озық іс-тәжірибе тарату мен енгізу алаңы мәртебесіне ие болды.

– Жасанды интеллектті оқыту процесіне енгізудің рөлі ерекше маңызды. Жасанды интеллект технологиялары қазіргі заманның ажырамас бөлігіне айналып отыр. Уақыт өткен сайын бұл үрдіс қарқын алып, өміріміздің әр саласына тереңдей енетіні сөзсіз. Тәрбиешілер жасанды интеллект технологияларын мектепке дейінгі білім беру процесіне интеграциялау керек, онда бұл дағдылар ерекше құнды болады, – дейді ІТ бөбекжай-бақшасы меңгерушісі.

4-БЕТТЕ

Алтынбек ҚАБЫЛОВ,
М.Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық
ІТ жоғары колледжінің алғашқы әскери және
технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-
ұйымдастырушысы:

БҰЛ ПӘННІҢ ӨМІРЛІК ҚАЖЕТІ МОЛ



Бүгінгі жасты ұлтжандылыққа баулуға білім ошақтарындағы алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің маңызы зор. Әскери әлемнің әліппесі атанған

пәнін қыр-сыры, баланың қалыптасуына пайдасы мен бүгінгі жеткен жетістіктер жайында Мұстахым Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық ІТ жоғары колледжінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы, запартағы майор Алтынбек Қабыловпен сұхбаттасудың сәті түсті.

2-БЕТТЕ

ӘСКЕР – ӨМІР МЕКТЕБІ



АБЫРОЙ – ОРТАҚ, ҚЫЗМЕТ – БІР

Осы күні мұнда еліміздің Алматы, Түркістан облыстары мен Шымкент, Талдықорған қалаларынан келген 300 сарбаз Отан алдындағы әскери борышын өтеп жүр. Бірі бірінен өтетін сақа жігіттердің әрқайсысының бойында өнер бар. Мұнда келген соң барлығын іріктеп, мамандығы барын бейім ісіне бағыттайды.



– Еліміздің даңқын Азия төрінде асырып жүрген спортшыларымыз да әскери қызметін өтеді. Спорттың күрес, каратэ, футбол, зіл-темір көтеруден де талай мықтымыз бар. Чемпиондар ел намысын қорғауда қажет болса, тек әскери бөлімнің емес, тұтас Қазақстанның абыройын асырады. Біз оларға қолдау көрсетеміз. Мұнда келгенде егер мамандығы аспаз болса біз оны бір оқытып аламыз да, полигонға барарда бірге алып кетеміз. Өйткені әйел кісілерге полигон ауырлау болады. Ал егер жүргізуші куәлігі болса оларды да автокөлік жүргізуге бейімдеп, сол салаға бағыттаймыз. Электрикертерді оператор етіп тағайындаймыз. Заң саласының түлектерін қоғамдық тәртіпті сақтауға жібереміз. Ал ең салмақтылары, байыптылары атқыштар ротасында болады. Біз оларды жан-жақты зерттеп, тексеріп барып сонда орналастырамыз. Яғни түрмелерді күзетуге жібереміз, – дейді әскери бөлімнің тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыстар бөлімше бастығы Захиддин Бабанов.

Бір ерекшелігі, бұл бөлімге келген жас сарбаздар арасынан ант қабылдауға дейін ойланып, қайтып кеткендер мүлдем болмапты. Сайдың тасындай іріктелген сайыпқырандар қай жағынан да мықты болып тұр. Бөлімдегі ашық есік күнінде мұнда келген колледж студенттері мен мектеп оқушылары «Әскерилерде демалыс мүлдем болмайды деп ойлаушы едік» деп таңданыс білдірген екен.

– Әскерде жағдай жақсы. Қазір сарбаздардың тағамдарының тізіміне кәдімгі асылған ет қосылды. Буын бүркыратып, етті алып келгенде өздерінің үйіндей сезінбегенде қайтсін?! Әр жұма сайын ет асылады. Әрбір ротаға таксофон қойылған. Қажеттілігі туа қалған жағдайда бейнеқоңырау шала алады. Ал демалыс күндері реттілігімен қойылған іс-шараларымыз бар. Кинотеатр мен музейге баралды, экскурсияға шығады. Психологтың басшылығымен саябақтарға барып, түрлі тренингтерге қатысады. Меніңше, мұның әрбірі сарбаздардың қалыптасуына ерекше әсер етеді, – дейді Жаксылық Берікұлы.

Біраз жыл бұрын әскери бөлімдердегі әрбір пәрмен орыс тілінде болатын. Тіпті, тыңдаған сайын құлаққа түрпідей тиіп, неге осыны қазақшаламаса деп көп ойланатын едік. Саптағы сарбаздарға беріліп тұрған бүгінгі пәрменді көріп, көңілің көтеріледі екен. Түзел, тік тұр, кері айнал тәрізді әрбір пәрмен қазақ тілінде айтылуда. Ұлттың ұланына беріліп жатқан тәрбиедегі қазақтың рухы асқақтайды. Қандай тамаша!

– Әскер тек физикалық дайындықты дамытады десеңіз, қателесесіз. Өлгінде өзіңіз көрген «Батырлар аллеясынан» бастап, мұндағы сарбаздардың бойына ұлтжандылықты сіңіруіміз керек. Мұнда қазақ та, өзбек те, тәжік те, орыс та бар. Барлығы бір үйдің баласындай. Біз сарбаздардың тек физикалық дамуына ғана емес, жан-жақты қалыптасуын мұрат етеміз. Соның нәтижесінде көп жетістікке қол жеткізіп келеміз. Ақын да, әнші де, музыкант та табылады. Мерекелік іс-шараларда олар өнер көрсетеді, – дейді Захиддин Фуркатұлы.

«Бүгінгі әскерді әлжуаз деп жатады...» деген сөзім майор Захиддин Бабановтың жанына батып кеткендей. Әскери бөлімнің бөлімше басшысы қайта сөзге араласып кетті.

– Меніңше, сол сөзді айтатындар – әскери өмірді көрмегендер. Мұнда келіп, бір күн әскер болсын, сосын айтып көрсін. Әскери өмір оңай болмайды. Сосын әлжуаз деп жүрген қазіргі сарбаздар да оңай шағылар жаңғақ емес. Кейде 40 күндік оқу-жаттығуда үйіреніп келіп жатыр, бір жылда не үйретесіңдер дегенді де естиміз. Сарбаз сапта аяғын алып жүруді келген күннен бастап бір айда үйренеді. Ал мұнан соң қырық күнде әскери тәртіпті меңгереді дегенге сенесіз бе? Қолына қару ұстап, сапта жүрген адам әлсіз емес, – деді ол.

Сарбаздарға қарап тұрған сәл ғана уақытта біз олардың тыныс-тіршілігін байқадық. Айта кетейік, қазір 18 бен 25 жас аралығындағы азаматтар әскери борышын өтеп жүр.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

– Бүгінгі бозбалалардың сарбаз сапында тұруға деген ынтасы төмен. Ер-азаматтарды Отан алдындағы борышын өтеуге ынталандыру мақсатында қандай жобалар бар?

– Иә, қазіргі таңда бозбалаларымыздың әскерге баруға құлшынысы аз. Әскерден қашатын жігіттеріміз де көп. Әскери борышын өтеу – әрбір азаматтың Отан алдындағы міндеті. Әр ер азамат өз отбасын, өз жерін, өз елін қорғай білуі керек. Ер-азаматтарды Отан алдындағы борышын

Басы 1-бетте

Алтынбек ҚАБЫЛОВ,
М.Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық ІТ жоғары колледжінің
алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы:

БҰЛ ПӘННІҢ ӨМІРЛІК ҚАЖЕТІ МОЛ

– Мектеп бағдарламасында алғашқы әскери дайындық пәнін орта білім алған әрбір азамат біледі. Бала бұғанасы қатая келе әскери саланың әліппесін де содан алады. Түптеп келгенде бүгінгі жастың бұл пәннен түйетіні не? Ол не үшін және кім үшін қажет?

– Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні жалпыға бірдей әскери міндеттілік туралы заң негізінде оқытылады. Мұнда әскери қару-жарақтар мен әскери техникалар, әскери ұшақтар мен ұшқышысыз ұшу аппараттары, саптық дайындық, әскери топография, азаматтық қорғаныс, әскери айырым белгілері, әскеи жарғылар, жаппай жойқын қарулар, жолда жүру ережелері, алғашқы дәрігерлік көмек оқытылады. Мұның барлығы әскери саланы таңдамаса да, өзіне қажет. Өмір мектебінде бұл сабақтардың көдеге асатынына сенімім мол.

– Жастармен тікелей жұмыс істейсіздер ғой. Әскерге ынта-ықыласы қаншалықты? Қазіргі жастың бұл салаға құлшынысы бар ма?

– Жастардың әскерге деген көзқарасы әртүрлі. Бір айта кетерлігі, толық курстан өткен соң көпшілігінің ой-пікірі өзгереді. Әсіресе маған «Жас шекарашы» үйірмесіне қатысатын тәлімгерлердің 99 пайызы әскерге не болмаса әскери оқуға түсуге ынталы болатыны байқалды. Бұл әрине, шыбықты жасында қалай исең, солай қарай майыса өсетіні тәрізді.

– Кейінгі уақытта балға ұстап, шеге қаға алмайтын жас толқын өсіп келеді деп жатады. Көзқарасыңыз қандай?

– Өмір болған соң, барлығы да кездеседі. Бес саусақтың бірдей емес екені тәрізді. Иә, қолына балға ұстап, шеге қаға алмайтындар кездеседі. Бірақ ол уақытша деп ойлаймын. Өмір барлығын реттеп алады. Практикалық сабақтардан кейін баланың ынтасы ашылғаны бастан талай өткердік. Бұл мәселеде мен бір-ақ сөз айта аламын. Барлығы тәрбиеге байланысты. Тәрбие мен бағыт-бағдар қалай берілсе, бала да солай қалыптасады.

– Ер-азаматқа әскери өмір, әскери тәртіп, әскери ұстаным керек. Біз қазір соны жеткілікті деңгейде беріп жүрміз бе?

– Жеткілікті деп толық сеніммен айтамын. Қазіргі кезде алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшілері әскери-патриоттық үйірмелер ашып, жиі-жиі сайыстар өткізіп тұрады. Егер қажетті заттар мен қаражат жеткілікті түрде бөлініп тұрса, жастарды әскери өмірге баулуға АӨД мұғалімдері үшін жақсы болары сөзсіз. Бұл реттегі әрбір жұмыс қолдауға байланысты. Қолдау бар жерде даму да бар.

– Оқытушылардың жетекшісімін дедіңіз. Біздің өмірдегі оқытушылардың осы бағыттағы жеткен жетістіктері қандай?

– Облыстағы колледждер АӨТД пәні мұғалімдерінің жетістіктері жаман емес. Қазір ынталы, жігерлі жас мұғалімдер көбііп келеді. Мысалы, Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің АӨТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Ондасын Ембергенов республикалық деңгейде «Мәншүк шеруімен» сайыстар өткізіп келеді. «Өркениет» медициналық колледжі, Абылайхан

Басы 1-бетте

САРБАЗДАР ШЫҢДАЛҒАН КҮН

Сексен жыл бұрын дүниені дүр сілкіндірген сұрапыл соғыс аяқталып, бейбіт күннің шуағы төгілді. Дегенмен бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Қаншама боздақтың қаны мен ананың көз жасы, тылдағы еңбек пен майдандағы ерлік осы бір ұлы күннің маңызын арттырып отыр. Сұрапыл соғыс жылдарында Отан үшін от кешкен қаһарман жауынгерлердің жанқияр ерлігінің арқасында, біз бүгінде бейбіт күнде өмір сүріп жатырмыз. Жеңіс – тек тарих парағы ғана емес, әрбір қазақ жүрегіндегі отансүйгіштік пен рухтың мәңгілік бейнесі.



Жеңістің 80 жылдығына және 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай Қызылорда қаласындағы 5547 әскери бөлімінде «Мен – Отанымның қорғанымын» атты сарбаздар арасында әскери сайыс өтті.

– Бұл – жыл сайын өз құндылығын жоғалтпай, дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан, мәні мен мазмұны терең, рухани құндылығы зор шаралардың бірі. Басты мақсаты – жас буынның бойына отансүйгіштік қасиетті сіңіріп, патриоттық рухты ояту ел қорғау жолындағы жауапкершілікті жас ұрпақ бойына сіңіру. Мұндай спорттық сайыстар сарбаздарды тек физикалық тұрғыдан ғана емес, рухани жағынан да шыңдап, Отанға деген сүйіспеншілігін бекемдей түседі, – дейді Қызылорда қалалық жастар орталығының директоры Медет Жорабек. Сондай-ақ алдағы уақытта тәрбиелік мәні зор іс-шараларды көптеп ұйымдастыруға дайын екендігін жеткізді.

Сайыс барысында сарбаздар арқан тарту, автоматты бөлшектеп жинау, бір шақырымға жүгіру сынды түрлі эстафеталық кезеңдерде өз өнерлерін көрсетті. Әр кезең – төзімділік пен жылдамдықты ғана емес, бірлік пен тәртіпті де талап етті. Жарыс алаңында жауынгерлік рух пен командалық ынтымақ ерекше сезілді. Шара барысында қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан дене шынықтыру және спорт нұсқаушысы Жандос Жұмамұрат сайыстың тартысты өткенін атап өтті.

– Медициналық тексеруге келмей, әскери шақыруды елемей жүргендер бар ма? Оларды қандай жаза күтіп тұр?

– Мұндай азаматтар жеткілікті. Медициналық тексеруге келмегендерге 648-бабына сәйкес, «Медициналық тексерілуден немесе жиындардан жалтарғаны үшін» азаматтарды әскери есепке қою жөніндегі комиссияның немесе әскерге шақыру комиссиясының жолдамасы бойынша медициналық қуаландырудан не тексерілуден жалтару – әскери міндеттілерге – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ал әскерге шақырылушыларға ескерту жасауға не үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

– Осыдан 2-3 жыл бұрын әскерде жүргендер түрлі оқыс оқиғаларға тап болды. Бүгінгі әскери бөлімшелердің жағдайы қаншалықты қауіпсіз?

– Әскери бөлімдердің жағдайы жақсы.
– Әскердегі әлімжеттік азайды ма?

– Әскерде әлімжеттік жоқ деп айтсақ та болады.
– Ұлтжанды ұл, мықты сарбаз үшін ата-ана тарапынан қандай тәрбие берілуі керек деп ойласыз?

– Отан – отбасынан басталады, мектептерде, арнаулы орта колледждерінде, жоғары оқу орындарында әскери-патриоттық бағытындағы жұмыстар кеңінен жүргізілу керек. Әскер адамды түзейді. Жігіттерде «өз елімді қорғап, Отаныма адал қызмет етемін» деген ұстаным болуы керек. Қарулы күштер сапында қызмет ету – әрбір ер-азаматтың борышы.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан Айтолық АЙТЖАҢОВА



жоғары колледжі, Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі, Қазалы теміржол колледжінің әскери жетекшілері үнемі сайыстарда алдыңғы орындарды иеленуде. Мен жұмыс істейтін Мұстақым Ықанов атындағы Қызылорда техникалық ІТ жоғары колледжінде «Жас шекарашылар» үйірмесінің ашылғанына 20 жылдан асты. Осы уақыт аралығында 12 рет облыс чемпионы, бір мәрте республикалық сайыста ІІ орынды иелендік. Шакірттерім әскери оқу орнын бітіріп, Қазақстанның түкпір-түкпірінде қызмет атқаруда. Жылда шекара әскеріне бір взвод сарбаз аттандырамыз.

– Сіздің бала оқытудағы тәжірибеніз қандай? Басты ұстанымыңызды айтаңыз...

– Мен көбіне сабақта дәстүрлі әдісті пайдаланамын. Ардагер жауынгерлермен кездесулер өткізуді ұйымдастырамын. Жақында «Жас шекарашылар» үйірмесін Сырдария ауданының орталығы – Тереңөзек кентінде тұратын 103 жастағы соғыс ардагері Яхия атамызға алып бардым. Қарияның әңгімесін үйірме мүшелері ұйып тыңдап, жақсы әсер алды. Практикалық сабағымды шекара әскерімен бірлесіп өткізуге тырысамын, өйткені шынайы әскери өмірдің қыр-сырын меңгерген бала келешекте қиналмай нағыз жерін, елін сүйетін ұлтжанды азамат боларына сенімім мол.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен Аян СПАНДИЯР

– Сайысқа алты команда қатысып жатыр. Әр сарбаз бар ынтасымен күресіп, нағыз жауынгерге тән қасиеттерін көрсетуде. Осындай рухты шыңаларға қолдау білдіріп, сарбаздарға жігер берген ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз. Бұл дода – сарбаздар үшін үлкен тәжірибе алаңы әрі әскери рухты нығайтатын маңызды кезең, – дейді.

Әскери сайыс жас сарбаздар үшін шынайы ерлік мектебіне айналды десек артық емес. Мұнда әрбір жауынгер тек қажырлы қайраты мен әскери шеберлігін сыныға салып қана қоймай, жүрегінің түбіндегі Отанға деген шексіз адалдығын терең сезініп, ел қорғаудың аса зор жауапкершілігін терең түсініп, бұл сайыс жауынгерлердің бойындағы рухты шыңдап, оларды Отанның сенімді қалқаны болуға дайындайтыны сөзсіз.

Жарты күнге созылған сайыстың қорытындысын бойынша бас жүлдені жеке атқыштар ротасы еншілессе, І орынды материалдық қамтамасыз ету ротасы, ІІ орынды жедел максаттағы ротасы, ІІІ орынды І және 2 жедел максаттағы ротасы иеленді. Сайыс жеңімпаздары демешуілер ұсынған арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің студенті

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



Біз сұраныл соғыс өртің көрмесек те соғыс салған қасіретті көріп өстік. Майданнан оралмаған ұлының жолын тасқан анаңыз, жарын күткен апаларымыздың көз жасының, жүзіндегі айықпас мұның күзсі болдық. Соғыстан мүгедек болып оралған жаралы жандарды, ауылдас ағаларды көзбен көрдік. Тұтқиылдан тұтанған соғыс өртінің салған ізі қаншалықты ауыр екенін терең түсініп, бейбіт өмірдің қадіріне жете білдік. Әкеміз соғыс тарихынан әңгіме қозғағанда «соғыстың қасіреті қайталанбасын, бейбіт өмірге ештеңе жетпейді» деп отыратын еді.

Ер-азаматтар түгелдей дерлік майданға аттанып, жаумен шайқасса, артта қалған елге де оңай тимеді. Жас-кәрі түгелдей, күн-түн демей, еңбекке жұмылды. Бөрінің сондағы мақсаты – жауды жеңуге үлес қосу еді. Санаулы күндерде Жәністің 80 жылдығы аталып өтпек.

Осы орайда мен де майдангер ұрпағы ретінде 1941-1945 жылдардағы екінші дүние-жүзілік соғысының ардагері, жоғары білімді мұғалім Рахметов Қуаныш Рахметұлы туралы естелік жазу үшін қолыма қалам алдым. Әкем Қуаныш 1922 жылы қазан айында Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, қазіргі Алға ауылдық округінде (Үрмаш Түктібаев ауылында) дүниеге келген.

Қызылорда қаласынан 2 жылдық жұмысшылар факультетін бітіріп, 1941 жылдың 1 қыркүйегінде Қазалы ауданындағы Майлы-1 жастық мектебіне мұғалім болып еңбек етіп жүргенінде 1941 жылдың 24 қазанда армия қатарына алынып, Сталинград, Прибалтика майдандарында шайқасқан. Соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, 1945 жылы Жәністің құрметіне «1941-1945 жылдары екінші дүниежүзілік соғыста Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. Соғыс залалынан бүлінген жерлерді қалпына келтіруге атсалысып, 1946 жылы туған жеріне, сарғайып жолын тосып отырған ата-ана, бауырларына оралады. 19 жастағы өрімдей жастың соғысқа аттануы, атамыз Рахмет пен әкеміз Құндызға да оңай тимегенін әкеміздің естелік әңгімелерінен естіп өстік. Төрт қыздан кейін сағынып дүниеге келген шаңырақ иесі өсіп, білім

алды, есейді, апалары Алуа, Миіз, Алтын, Ұлдаштарға қолғанат, ізіне ерген інісі Ақжігітке қамқор болар деп отырған кезде ойламаған жерден сұм соғыстың басталуы отбасына үлкен уайым әкелді. Дегенмен «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген бабалар сөзіндегідей, әкеміз аман-есен елге оралады. Соғыстан кейін енесі түскен ел адамдарына қолынан келген қамқорлығын жасап, шәкірт тәрбиелеу жұмысын жалғастырады. 1946-1952 жылдарда Қазалы ауданында «Бозкөл» мектебінің директоры, №88 қазақ орта мектебінде қазақ тілі және орыс тілі пәндері бойынша сабақ берген. Сонымен қатар ауылда орта білім ала алмаған жастар үшін жұмысшы жастар мектебінің (кешкі мектептің) ұйымдастырылуына атсалысып, өмірінің соңғы күніне дейін сол мектептің директоры қызметін атқарған. 30 жылдан астам уақыт ұстаздық етіп, шәкірттерінің жүрегінен жол тауып, саналы ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосты.

«Әкең өлсе де әкенің көзін көрген өлмесін» дегендей әкемің шәкірті, кейін қызметтес болған Оңалбике Байманова әкем туралы «Қуаныш ағай» атты естелігінде: «Ағай мұғалімдік қызметте жүріп Қызылорда педагогикалық институтына сырттай оқуға түсіп, білімін одан әрі жалғастырады. Тумысынан талантты адам ғой, орыс тілін де еркін меңгеріп, өз бетінше тарихпен шұғылданады. Үздіксіз іздену, тынымсыз еңбектің нәтижесінде білімді болды. Бала кезімнен көп нәрсе есімде, ағайдың қолынан кітап түспейтін. Сабақтан босаған уақытында сол кітаптарды оқып отыратын» деп еске алыпты.

Ел есінде сақталған абзал әкем небәрі 55 жасында өмірден озды. Балаларының өсіп, қанатының қатқанын, өмірде өз орнын тапқанын көру әрбір әкенің арманы болса, тағдырдың жазуымен ол арманы орындалмады.

Анам Рахметова Сәліма Махамбетқызының балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келіп, соғысқа кеткен ер-азаматтардың орнына тылда еңбек етіп, бейнет кешкен тыл ардагері, көпбалалы, «Алтын алқа» иегері. Әкеміз дүниеден өтіп, тұрмыстың ауырталығын жалғыз өзі көтеріп, өмірдің ашы-тұщысын көріп, балаларын жеткізді. 2017 жылы 87 жасқа қараған шағында



дүниеден өтті. «Орнында бар оналар» дегендей, артында қалған ұл-қыздары үйлі-жайлы, барлығы да орта арнаулы, және жоғары білімді мамандар.

Соғыс ардагерлерінің есімін ел тарихында қалдыру іс-шарасына үн қосып, әкемің майдандағы ерлігі мен бейбіт өмірдегі еңбек жолына қатысты жеке құжаттарын шынайы тарихтың күзсі – архив қорына өткіздік. Соғыс ардагерлерінің жүріп өткен жолдарынан сыр шертер құжаттарын кейінгі ұрпақ қолмен ұстап, көзбен көрсе, Отанын сүйіп қорғауда, бейбіт өмірдің қадірін білуге әсері мол болар деп ой түйдік.

Қазіргі таңда құжаттар облыстық мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша архивінде «Ұлы Отан соғысының ардагерлері» жеке тектік қор коллекциясының құрамында сақталуда.

Жәністің 80 жылдығына орай Отан үшін от кешкен, өнегелі өмірі мен ісі көпке үлгі болған әкем Қуаныш Рахметұлы туралы есте қалған естеліктеріді жазатырып, бейбіт күн сыйлаған барша соғыс ардагерлерінің ерлігіне тағзым еттім!

Гүлнар РАХМЕТОВА

ОҚЫРМАН ХАТЫ

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР – ҰЛТ АЙНАСЫ

Қазақ халқының ұлттық дәстүрлері – ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан рухани және мәдени құндылықтар жиынтығы. Дәстүр – халықтың тарихымен, дүниетанымымен, салт-санасымен тығыз байланысты құбылыс. Ол кез келген қоғамның негізін құрап, адамдардың мінез-құлқы мен өмір сүру салтына ықпал етеді. Ұлттық дәстүрлер тек өткеннің қалдығы емес, қазіргі қоғамда да өзінің маңыздылығын сақтап, қоғамдағы тәрбие мен мәдени дамуының маңызды факторы болып қала береді. Қазақ халқының «Ата салтын – халықтық қалпын» деген нақылы дәстүрдің ұлт болмысындағы айрықша орнын көрсетеді.

Қазақтың ұлттық дәстүрлері қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды сақтауға негіз болады. Әсіресе, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, қонақжайлық, ата-ананы сыйлау сынды қасиеттер қазақ қоғамында ерекше орын алады. Ғалым Әлкей Марғұлан қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын зерттей отырып, олардың адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеудегі маңызын атап өткен. Мысалы, қазақ қоғамында үлкендердің батасын алу – ізгілік пен құрметтің белгісі. Баға берудің тәрбиелік мәні зор, өйткені онда жас ұрпаққа бағыт-бағдар беретін, өмірлік құндылықтарды дәріптейтін оялар айтылады. Заманауи қоғамдағы өзгерістерге қарамастан, ұлттық дәстүрлер әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, жаһандану жағдайында ұлттық мәдениетті сақтау мәселесі күн тәртібінде тұр. Әсіресе, қазақ халқының салт-дәстүрлерін жастардың бойына сіңіру – маңызды міндет. Қазақтың «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөзі ұрпақ сабақтастығы мен отбасы құндылықтарын сақтаудың маңыздылығын көрсетеді. Бүгінде ұлттық дәстүрлердің жаңғыруы отбасылық құндылықтар мен ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді.

МАМАН КЕҢЕСІ

ОБАНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ

Оба ауруы – жер шарының көптеген елінде кездесетін аса қауіпті карантиндік жұқпалы ауру. Адамзат тарихында 25 миллионға дейін адам өмірін қиған жарус дертінің тарихы біздің облыста 1945 жылдың тамыз, қазан айларындағы ірі эпидемиясынан басталған.

Оба қоздырғышының негізгі сақтаушылары – әр түрлі кеміргіштер. Кеміргіштердің арасында адам мен малға ауру қоздырғышын жұқтиратын бүрге, кене сияқты қансорғыш жәндіктері. Олар ауру кеміргіштің қанын сорып, қолайлы бір сәтте кездескен адамды немесе түйені шағу арқылы ауру қоздырғышын одан әрі таратуы мүмкін. Оба ауруын жұқтырған түйе малы, жабайы аң жануарлары және олардан алынған шикізат (ет, сүт, тері, жүн) адамдар үшін өте қауіпті. Қызылорда облысының аумағында табиғи ошақта кеміргіштер арасында оба ауруы тіркеліп тұрады.

Обаның жұғу жолдары: – адамдарды бүрге шағу (трансмиссивті); – қарым-қатынас кезінде, яғни аңшылық жануарларды сойғанда және терісін сыпырғанда; – ауа-тамшылы, өкпе түрімен ауырған адам сау адаммен байланыста болғанда; – алиментарлы жолы (ауру жануарлардың етің жеген кезде).

Аурудың белгілеріне келетін болсақ, ол 2-6 күннен соң біліне бастайды. Бұл уақыт

ішінде микробтар адам ағзасын жайлап, уын жаяды. Осы жасырын кезеңнен кейін адамды ауру билеп, әлсірете бастайды. Науқасқа шалдыққан адамның басы ауырып, лоқсып құсады, қан тамырларының соғуы жиілеп, дене қызуы 38,5-39,5 градусқа көтеріліп, есінен танады, сойлегенде тілі құрмеліп, әрең үн каталы, сандырақтап сойлейді, көздері қанталап, қызырып кетеді. Ауру белгілері оның жүгу түріне байланысты болады. Аңның, тышқанның терісін сыпырғанда, обадан өлген түйені сойғанда жұқса, ол адамның қолтық пен тамақ бездері іседі. Ал бүрге, кене арқылы жұққан болса, шаққан жерге таяу бездер ісініп, қабынады, аяқтан шақса адамның шап бездері, кеуделен, қолдан немесе мойнынан шақса қолтық, тамақ бездері іседі.

Қабынған бездерде қатты ауру пайда болып, қол тигізбейді. Без обасы асқынған кезде адамның өкпесіне шабады. Мұндай жағдайда науқас жетектелгенде, шапшаңдана қан аралас қақырық тастайды. Ауру адамның сілекейіндегі микробтар үй ішіне тез таралып, сау адамдарға жұғуы мүмкін.

Дәстүрлерді сақтау арқылы қоғамда рухани тұтастық қалыптасалы. Дәстүрлер ұрпақтар арасындағы байланыс ретіндегі қызметін ешқашан жоғалтпайды. Ғалым Шоқан Уәлиханов қазақ халқының салт-дәстүрлері халықтың бірлігін нығайтуда маңызды рөл атқаратынын атап өткен. Ұлттық мерекелердің қайта жаңғыруы да осының бір дәлелі. Наурыз мейрамы бүгінде ұлттық бірегейлікті сақтаудың және қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын жаңғыртудың бір құралына айналды. Ұлттық дәстүрлердің заманауи қоғамдағы рөлі білім беру саласында да айқын көрінеді. Қазіргі таңда мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Қазақ әдебиеті мен тарихын оқыту барысында оқушыларға ата-баба мұрасы мен дәстүрлердің мәнін түсіндіру маңызды. Заманауи қоғамда ұлттық дәстүрлер тек рухани құндылықтар деңгейінде ғана емес, күнделікті өмірде де көрініс табады. Қазақ халқының қонақжайлылығы мен үлкенге құрмет көрсетуі бүгінгі таңда да сақталып келеді. Қазақтың «Қариясы бар ел» деген сөзі үлкендерге деген құрметтің маңызын айқындайды. Үлкен кісілердің өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңесі – қоғамның дамуына бағыт беретін құндылықтардың бірі. Қазіргі заманғы технологиялық және экономикалық өзгерістер ұлттық дәстүрлерге бейімделуді қажет етеді. Дәстүрлердің заманауи қоғамда сақталуы үшін оларды жаңа форматта дамыту маңызды. Бүгінде қазақтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары әлеуметтік желілерде, ақпараттық ресурстарда және түрлі онлайн платформаларда насихатталуда. Бұл жастардың дәстүрлерге деген қызығушылығын арттырып, оны заманауи қоғамға бейімдеуге мүмкіндік береді.

Ауылым ЖАСБОЛАҚЫЗЫ,

М. Дүйсенов атындағы №15 мектептің 11 сынып оқушысы

Жарасбаев Қасым Бедерұлы 1904 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Ейбек ауылында дүниеге келген. Елді ұлардай шулатқан «кәмпескенің» әлегінен қаймығып, нағашы атасы Жарасбайдың атына өтеді. 1941 жылдың желтоқсан айында өзі сұранып, соғысқа аттанады. Ол №629 атқыштар полкінің 134-атқыштар дивизиясының құрамында соғысқа араласып, 1943 жылдың ақпан айында 97-атқыштар полкі 31-гвардиялық атқыштар дивизиясының кезекті шабуылында Веспобской облысы маңайында басынан жеңіл жарақат алады. Осы жылдың тамыз айында Смоленск облысы, Духовщина қаласында болған шайқаста оң аяғынан ауыр жарақат алған Қасым Бедерұлы осы дивизия құрамында болып, Усты Калининская облысының бір қыстағында оң аяғынан тағы да ауыр жарақат алады. 1944 жылдың 17 мамырында 33-гвардиялық атқыштар полкінің командирі, подполковник Зубченко және штаб басшысы, майор Емелевтің ұсынысымен, соғыстағы ерлігі ескеріліп, қазан айында «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады.

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ЖАУЫНГЕР

Соғысқа кетпей тұрған шағында Қасым Бедерұлының төрт ұлы болып, алайда төртеуі де шетінен кетеді. Төрт ұлдан кейін қызды болады да «бізге перзент қымбат», – деп есімін Қымбат қояды. Артынша соғысқа аттанады. Соғыстан келгеннен кейін 1949 жылы перзентті болады, есімін Қымбатқа ұқсатып Сымбат деп қояды, бірақ ол да 5 жасқа келгенде көз тиіп, шетінен кетеді.

Әкем Жарасбаев Қасым Бедерұлы 1945 жылы соғыстан оралғанда, үлкен қызы Қымбат 5 жаста екен. Соғыстан оралып, адал еңбегімен нәпакасын тауып күн көреді. Арада уақыт өткен соң, 1951 жылы екінші қызы дүниеге келіп, оның есімін Галина қояды. Галина есімінің тарихы да бір бөлек оқиға. Майдан даласында снарядтан бір қолы мен бір аяғына оқ тиіп шалажансар жатқанда, үстінен танкі басып кетіп, оқопта көміліп қалады. Құдайдан көмек болып бір топ адамның өтіп бара жатқан гүбірлеген даусын естиді. Көмек сұрап айқайлайды. Өтіп бара жатқан бір топ адам санитарлық отряд екен. Соның ішінен бір қыз байқап қалып, жүгіріп келіп, «Он живой! Он живой!» айқай салып, қасындағыларды шақырады. Қасым Бедерұлын оқоптан шығарып алып, госпитальға ем алуға жібереді. Жауынгер өз өмірін құтқарған жас қыздың есімін сұрайды. Ұлты орыс, Галина есімді қыз екен. Соғыс аяқталып елге келген соң, өмірге тағы да сәби келіп, қызына өзін құтқарған орыс қыздың есімін қояды. Енді ол үшін Галина тым қымбат есім болды, себебі анық: бірі – өмірін өлімнен арашалаған қыз, бірі – бауыр еті баласы, кіші қызы – Галина.

Өмір сынағы біткен бе? Арада жылдар өткен соң, жан жолдасы Аймангүл өмірден озды. Бұл кезде кіші қызы Галина небәрі 12 жаста еді. Өзі жарымжан болса да, балаларын өсіріп, жеткізеді.



Өмір көрген әке балаларын «Тек жүрсен – ток жүресің» деп бірауыз сөзбен тәрбиелейді. Балаларын ешкімнің ала жібін аттамай, адал жүріп-тұруға баулиды. Бойжеткен қыздары өз теңін тауып, тұрмыс құрады. Анасының жоқтығын білдірмей, қыздарына жақсы тәлім-тәрбие береді.

Жастайынан өмірдің қиындығын көрсе де, тағдырымен тайталасып, тауқыметін жеңе білді. Отанын жаудан қорғап, отбасына қамқор болған Қасым Бедерұлы 1985 жылы өмірден өтті.

Бүгінде Қасым Бедерұлының шаңырағында баласы Қуаныш өнегелі әке жолын жалғастырып, отбасының ұйытқысы болып отыр.

Галина ҚАСЫМҚЫЗЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

12.06.2025 жылы сағат 10:00-де Қызылорда қаласы, Белкөл к., Жана м.а., 13 мекен-жайында «Қызылорда қаласы, 13 Бекет тракті, 32 учаскеде күршің өңдеу зауыты мен 41,548x41,668м, 23,4x78м, 23,4x78м, 23,4x38,975м өлшемді күршің қоймаларының құрылысы» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» материалдарын талқылау үшін қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Координаттары: 44° 81' 06.72" с.б., 65° 59' 95.46" ш.е., 44° 80' 99.55" с.б., 65° 60' 26.14" ш.е., 44° 80' 92.41" с.б., 65° 60' 22.56" ш.е., 44° 81' 00.06" с.б., 65° 59' 95.92" ш.е.

Карантин ұзартылған жағдайда қоғамдық тыңдау онлайн режимінде Қызылорда қаласында Zoom платформасында бейне-конференция байланысы арқылы өтеді. Сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/88958345001?pwd=DJwOcOCUKccza0lhkgBjUuRcAIGG.TG.1>

Жеке конференция нөмірі: 889 5834 5001. Қосылу коды: X5yPbV. Тапсырыс беруші: «Қызылорда Құрылыс НК» ЖШС. Қызылорда қаласы, Саяхат м.а., А.Айдовсов көшесі, 89, тел.: 8(7242)21-42-31, эл.пошта: Kyzylorda_nk@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші: ІІС «Мекен және К» ТС, 910240000086, Қызылорда к., Н.Назарбаев көш 21 Б/3, тел.: 8(7242) 244975, mekenik@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> Ақпараттық жүйесінде қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: 8(7242) 244975, mekenik@mail.ru.

ЖАО эл.пошталы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы: Қызылорда к., С.Бейбарыс көш 1, а.koszhanova@korda.gov.kz, 8(7242)605369.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

12.06.2025 года в 10:00 по адресу: г.Кызылорда, п.Белколь, мкр. Жана, 13 состоится общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство завода по обработки риса и складов риса размерами в осях 41.548x41.668м, 23.4x78м, 23.4x78м, 23.4x38.975м по адресу ур.13 Бекет, уч.32, город Кызылорда».

Координаты участка: 44° 81' 06.72" с.ш., 65° 59' 95.46" в.д., 44° 80' 99.55" с.ш., 65° 60' 26.14" в.д., 44° 80' 92.41" с.ш., 65° 60' 22.56" в.д., 44° 81' 00.06" с.ш., 65° 59' 95.92" в.д.

В случае продления карантина общественные слушания проводятся в онлайн-режиме посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM в г.Кызылорда. Ссылка приглашения: <https://us05web.zoom.us/j/88958345001?pwd=DJwOcOCUKccza0lhkgBjUuRcAIGG.TG.1>

Идентификатор конференции: 889 5834 5001 Код доступа: X5yPbV Заказчик: ТОО «Қызылорда Құрылыс НК» РК, г.Кызылорда, мкр. Саяхат ул.А.Айдовсов, 89, тел.: 8(7242)21-42-31, эл.почта: Kyzylorda_nk@mail.ru.

Разработчик проекта: ХТ ПТ «Мекен и Компания», БИН 910240000086, г.Кызылорда, пр.Н.Назарбаева, 21 Б/3, тел.:8(7242) 244975, mekenik@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/>.

Эл.адрес и номер тел. по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: тел.: 8(7242) 244975, mekenik@mail.ru.

Электронный адрес и почтовый адрес МИО: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: г.Кызылорда, ул.С.Бейбарыс, 1, а.koszhanova@korda.gov.kz, 8(4242)605369.

ТӘРБИЕ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ҮНДЕСКЕН ОРТА

Жасанды интеллекттің рөлі қандай?

Қазіргі қоғамда жасанды интеллект – жай тренд емес, нақты қажеттілікке айналды. Балалар онлайн ойындар, бейнелерді тану, іздеу жүйелері арқылы технологиямен ерте жастан таныс. Сондықтан бұл дағдыны мектепке дейінгі кезеңнен бастап дұрыс арнаға бұрып, тәрбие мен оқыту құралына айналдыру маңызды. IT бөбекжай-бақшасы менгерушісінің айтуынша, жасанды интеллект тәрбиешінің жұмысын жеңілдетіп, балаларға дербес көзқарас ұсынуға мүмкіндік береді. Қарапайым тапсырмаларды автоматтандырады, оқу материалдарын іріктеуге көмек береді, логикалық және тіл дамыту қабілеттерін нығайтады.

– Бірінші – бұл күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру. Жасанды интеллект іс-әрекетті жоспарлау және дидактикалық материалды дамытуды автоматтандырады. Бұл тәрбиешінің уақытын балалардың тікелей оқуы мен дамуына, қарым-қатынас, бақылау және балалардың тапсырманы орындауға көмектесу және уақыт тиімділігін арттырады, яғни педагогтың көп уақыты баламен тығыз қарым-қатынас жасауға арналады. Жасанды интеллект баламен жұмыс істеуде қажетті көрнекілік тәрбиешіге қолдау көрсетіп, оның уақытын үнемдеп, көлемді жұмыстарды қиналмай атқара береді. IT бөбекжай-бақшасы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы жасанды интеллект технологиялары» тақырыбында өз іс-тәжірибесімен үнемі бөлісуде. Тәжірибелік жұмыс барысында балалардың жасанды интеллект технология элементтерімен мен IT ойындар арқылы тәрбие мен оқытуды инновациялық жаңалық пен ақпараттық құзиреттіліктермен ұштастырған. Әр түрлі анимациялық құралдарды дайындау үшін көмекші ретінде пайдаланады. Бала оны мүмкіндігінше шынайы өмірмен байланыстырады. Жасанды интеллект баланың физикалық, коммуникативтілік, танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру арқылы баланы отан сүйгіштікке, ұлттық құндылықтарға дөріптеуге, үлкенді құрметтеуге және шығармашылық дағдыларын шыңдауға мүмкіндік береді, – дейді IT бөбекжай-бақшасы менгерушісі Майра Алашбайқызы.

Заманауи құралдар – сапалы тәрбиенің кепілі

Бөбекжай-бақшаның барлық 12 тобы интерактивті панельдермен жабдықталған. Бұл құрылғылар балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, материалды терең меңгеруге, түсінбеген жерлерін қайта тыңдауға және білімге деген ынтасын оятуға септігін тигізеді. Сонымен қатар мекеме 30 планшетпен, 30 «Bilimbook» құрылғысымен және «SAHOBOT» атты оқу-ойын роботымен толықтырылған.

– «SAHOBOT» – балалардың робототехникаға қызығушылығын арттырып, бірнеше тапсырма орындауға қабілетті, 20-дан аса ойынды қамтитын интеллектуалды дос. Балалардың физикалық және логикалық дағдыларын дамыту мақсатында интерактивті еден, сенсорлық проекторлар, 3D көздіріктер, Робоара, Робо тышқан, Botley, Мататалап, портативті проекторлар кеңінен қолданылады. «Оқуға құштар балабақша» жобасы аясында ЛЭД экран арқылы қазақ халқының мәдениетін насихаттайтын мультфильмдер мен ертегілер көрсетіледі. Ал «UTS Говорун PRO» логопедиялық айнасы арқылы балалар дыбыстау, тыныс алу және фонетикалық жаттығуларды меңгереді. Балабақшада бала қатысуы Face ID жүйесімен тіркеліп, ақпарат бірден орталық базаға түседі. Бұл тәрбиешілер үшін де, ата-аналар үшін де ыңғайлы әрі тиімді бақылау жүйесін қамтамасыз етеді, – дейді IT бөбекжай-бақшасы менгерушісі.

Бөбекжай менгерушісі Майра Алашбайқызының айтуынша, «Сыр шуағы» балабақшасының жетістіктері аз емес. Бүгінгі таңда білім – бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың басты құралына айналып отыр. Осы бағытта балабақша тәрбиеленушілері мен педагогтары түрлі деңгейдегі жарыстар мен іс-шараларда белсенділік танытып келеді.

– Тәрбиешілеріміз республикалық және халықаралық алаңдарда тәжірибелерімен бөлісіп, балаларымыз беделді байқауларда жүзделі орындарға ие болып жүр. «Жас ғарышкер 2024», «Robo Mouse», «Robo Пчела», ROBOGAMES сынды сайыстарда тәрбиеленушілер жеңіс тұғырынан көрінді. «Мен зерттеушімін» республикалық байқауында да II орынға ие болдық. Сонымен қатар Назарбаев университетінде өткен «DIGITAL KAZAKHSTAN» мұғалімдер саммитінде арнайы баяндама жасап, балабақшаның IT бағытындағы тәжірибесін басқа аймақтарға таныстырдым. Қалалық, облыстық, республикалық семинарлар мен конференцияларда «Сыр шуағы» педагогтарының тәжірибесі тұрақты түрде таратылып келеді. Бұл жетістіктер – ұжымдық еңбектің, жаңашылдыққа деген ұмтылыстың нәтижесі. Ең бастысы – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасай алуымыз, – дейді балабақша басшысы.

Инновациялық әдістер: тәжірибе мен нәтиже

Мектепке дейінгі білім беру үдерісінде қолданылатын әдістер – баланың тұлғалық дамуына тікелей әсер ететін басты құралдардың бірі. «Сыр шуағы» IT бөбекжай-бақшасының әдіскері Меруерт Тулендиеваның айтуынша, мұндағы әдістемелік жұмыс баланың жас ерекшелігі мен қызығушылығына сай жүйеленген.

– Біз бірнеше әдісті үйлестіре отырып қолданамыз. Монтессори әдісі – баланың өзін-өзі реттеу және дербес әрекет ету қабілетін дамытса, ТРИЗ тәсілі – шығармашылық пен логикалық ойлау, мәселені шешу машығын қалыптастырады. LEGO технологиясы – ұсақ моторика, кеңістіктік ойлау мен топпен жұмыс істеуді үйретеді, – дейді IT бөбекжай-бақшасының әдіскері Меруерт Қалмұханбетқызы.

Әдіскердің айтуынша, IT-балабақша жобасы аясында STEM, робототехника, интерактивті құралдар мен жасанды интеллект технологиялары міндетті түрде қолданылады.

– Балалардың сөйлеу тілін дамытуда балабақша тәрбиешілері интерактивті қосымшалар, «Sanbot» роботын, аудио-визуалды материалдар, танымдық кітапшалар, Bilimbook құрылғылары мен LED панельдерді белсенді қолданады. Инновациялық құрылғылар арқылы танымдық ойындар баланың сөздік қорын кеңейтіп, үлгілік оқу бағдарламасында берілген сөздермен жүйелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді, – дейді әдіскер.

Ата-ана не дейді?

Балабақша таңдауда әр ата-ананың өзіндік талабы мен үміті болады. «Сыр шуағы» IT-бөбекжай-бақшасын таңдаған ата-аналардың бірі – Гүлдана Рзаева.

– Қызылорда қаласындағы Шанхай аумағында тұрамыз. Немерем екі жасқа толғанда жақсы балабақша іздедік. Әлеуметтік желі арқылы «Сыр шуағы» балабақшасының жұмысымен танысып, балалармен қалай жұмыс істейтінін көріп, осы жерді таңдадық. Қазір үлкен немерем осы балабақшаны тәмамдап, лицейде оқып жатыр. Екіншісін де көп ойланбастан осында әкелдік, – дейді ол.

Ата-ананың айтуынша, балабақшадағы IT бағытындағы жұмыс кіреберістен-ақ сезіледі. Ата-аналар бұрышында ертегілерді QR кодпен жүктеп алып, үйде оқуға болады. Ашық сабақтарда балалар LED экран арқылы тапсырма орындап, Bilimbook құрылғыларында еркін жұмыс істей алады.

– Бұл – тек қойылым емес, күнделікті еңбектің нәтижесі. Ашық есік күндеріне қатысқанда, балалардың еркіндігі, педагогпен тек дәрежеде жұмыс істеп жатқаны бірден байқалады, – дейді Гүлдана Рзаева.

Оның пікірінше, бала үшін ең маңыздысы – өмірлік дағдыларды еркін меңгеру.

– Баланы тұлғалық ерекшелігіне емес, іс-әрекетіне қарап бағалауға үйренуіміз керек. Табыс – қабілеттен емес, еңбектен басталады. Біз баламыздың жан-жақты, заман талабына сай дамыған азамат болғанын қалаймыз. Бастысы – бақытты бала тәрбиелеу, – деп түйіндеді ата-ана.

Қазіргі заман талабы – баланы ерте жастан технологиялық сауаттылыққа баулу, ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, жан-жақты дамуына жағдай жасау. Осы мақсатта жұмыс істеп келе жатқан «Сыр шуағы» IT-бөбекжай-бақшасы – мектепке дейінгі білім берудегі жаңашылдықтың нақты үлгісі. Инновациялық құралдарды сәтті қолдану, тәрбие мен оқытуды үйлестіру, ата-анамен ашық байланыс орнату – мұның бәрі ұжымның кәсібилігі мен үздіксіз ізденісінің айғағы. Баланың ертені бүгіннен басталады десек, «Сыр шуағы» ұжымы сол ертеңге нық сеніммен қадам басып келеді. Технологияны тек құрал емес, тәрбие мен дамудың тұтқасы ете білген бұл балабақшаның жұмысы – еліміздегі үздік тәжірибелер қатарында.

Илон Маск жаңа «Grok 3.5» жасанды интеллектінің жақын арада шығатынын X әлеуметтік желісіндегі парақшасында хабарлады. Оның айтуынша, бұл «ерекше нәрсе» болмақ. Илон Маск «Grok 3.5»-тің бета-нұсқасы дайын екенін айтып, оның күрделі техникалық тақырыптарды терең талдап, ашық дереккөздерде жоқ шешімдер мен жауаптар ұсынуға қабілетті екенін жеткізді. Бұдан бөлек, миллиардер X (бұрынғы Twitter) әлеуметтік желісінің ұсыныстар алгоритмін едәуір жақсартатынын мәлімдеді. Алгоритм Grok-тың жеңілдетілген нұсқасымен ауыстырылады, бұл жүйенің әлдеқайда тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Илон Масктың айтуынша, пайдаланушылар қазірдің өзінде оң өзгерістерді байқай бастауы тиіс.

GROK 3.5: ИЛОН МАСК ҰСЫНҒАН БОЛАШАҚТЫҢ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІ

Мамандар ескертеді: Қоғамдық USB – қауіп көзі

Туристерге қоғамдық орындарда орнатылған USB-зарядтау станцияларын пайдаланудан бас тарту ұсынылады. Себебі мұндай құрылғылар арқылы хакерлер смартфондарға зиянды бағдарлама енгізіп, жеке деректерді ұрлауы мүмкін. «Tourfrom.ru» порталында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, бұл шабуыл әдісі «USB-джекинг» деп аталады. Оның мәні мынада: шабуылдаушылар қоғамдық зарядтау станцияларына немесе кабельдерге зиянды кодты алдын ала орнатып қояды. Пайдаланушы телефонын қосқанда, зиянды бағдарлама құрылғыға еніп, оған толықтай қол жеткізу мүмкіндігін береді – бұл фотосуреттерге, хабарламаларға, банктік қосымшаларға, тіпті камера мен микрофонға рұқсат алуға әкелуі мүмкін. «Atrс Technica» басылымының хабарлауынша, хакерлер құрылғыны компьютер емес, USB-клавиатура ретінде таныстырып, соның көмегімен телефонға командалар жібереді. Сонымен қатар олар Bluetooth арқылы файл алмасуға автоматты түрде рұқсат сұрап, кейбір жүйелердегі қорғаныс механизмдерін айналып өтеді. Бұл шабуыл түрі Android пен iOS жүйелеріне де әсер етуі мүмкін. «Tourfrom.ru» сарапшыларының айтуынша, қазіргі таңда толыққанды қорғаныс жүйесін тек Apple және Google компаниялары ғана енгізген. Ал басқа құрылғыларда мұндай шабуылдарға қарсы тиімді қорғаныс тетіктері әлі жоқ. Мамандар мынадай қарапайым, бірақ маңызды қауіпсіздік шараларын ұсынады: Қоғамдық USB-станцияларды пайдаланбауға тырысыңыз, зарядтау үшін тек өзіңіздің адаптеріңіз бен кабеліңізді қолданыңыз, құрылғыда USB-отпалда (USB debugging) режимін сөндіріп қойыңыз – бұл сырттан басқару рұқсатын шектесе, ал жолда немесе саяхат кезінде қауіпсіздік үшін өзіңізбен бірге «Power Bank» алып жүрген жөн.

Telegram: Топтық қоңырауға 200 адам қосыла алады

Telegram платформасының негізін қалаушы Павел Дуров енді қосымшада жүздеген адам қатыса алатын топтық қоңыраулар жасауға болатынын өз Telegram мессенджерінде мәлімдеді.

Дуровтың айтуынша, енді Telegram арқылы кез келген қоңырауға 200-ге дейін қатысушыны қосуға болады. Бұл үшін сілтеме, QR-код немесе тікелей шақыруды пайдалануға болады. Ал егер бұл жеткіліксіз болса, топтардағы дауыс және бейне чаттар он мыңдаған қатысушыны қолдай алады. Сонымен қатар Дуров Telegram-дағы барлық қоңыраулар шифрлау және блокчейнге ұқсас технологиямен қорғалатынын атап өтті. Бұл ешкімнің тыңшы ретінде құпия түрде қосыла алмайтынына кепілдік беретінін мәлімдеді.



София ХАЙРУЛЛА

Газеттің келесі саны 10 мамыр, сенбі күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4391 Тапсырмасы №726

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА